

## **ХАТТАМА №1**

### **Әдістемелік бірлестік отырысы**

Өткізілген күні: 26 тамыз

Қатысқандар: 16

#### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен таныстыру, оның ішінде ҚР орта білім беру, негізгі орта білім беру мемлекеттік стандарттарымен таныстыру.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық, үйірме, факультатив сабақтар жоспарын талдау және бекітуге ұсыну.
3. Аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімін құру.
4. 4-сынып оқушыларының БЖБМ-ге дайындау жоспарын құру, оқу ісінің меңгерушілеріне тапсырма беру.
5. I тоқсанның қорытындысымен танысу.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

1-мәселе бойынша: Әдістемелік нұсқау хаттар, нормативтік құжаттар және мемлекеттік стандарттар туралы әдістемелік бірлестік жетекшісі баяндама жасады. Мұғалімдерге жаңа талаптар мен өзгерістер түсіндірілді.

2-мәселе бойынша: Пән мұғалімдері өздерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын, факультатив және үйірме сабақтарының жоспарларын таныстырды. Жоспарлар талданып, ұсыныстар берілді.

3-мәселе бойынша: Аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімі қарастырылып, бекітуге ұсынылды.

4-мәселе бойынша: 4-сынып оқушыларын БЖБМ-ге дайындау жоспары таныстырылып, жауапты тұлғалар белгіленді.

5-мәселе бойынша: I тоқсанның қорытындысы талданып, білім сапасын арттыру бойынша ұсыныстар айтылды.

#### **ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. Нормативтік құжаттармен танысу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бекітіліп, оқу үрдісінде қолданылсын.
3. Аттестацияға ұсынылған мұғалімдердің құжаттары уақытылы тапсырылсын.

4. 4-сынып оқушыларын БЖБМ-ге дайындау жоспары бекітіліп, жүйелі түрде орындалсын.

5. Оқу сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.

Жауаптылар: ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері, оқу ісі меңгерушісі.

Мерзімі: оқу жылы бойы.

Бірлестік жетекшісі: Жамбыл А.С

Хатшы: Бекова Қ.Ж

## ХАТТАМА №2

Әдістемелік бірлестік отырысы

Өткізілген күні: 5 қараша

Қатысқандар: Бастауыш сынып мұғалімдері

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. I тоқсанның қорытындысымен танысу.
2. Баяндама: «Білім беру саласындағы жасанды интеллект».
3. Бастауыш сыныптар бойынша оқушылардың I тоқсандық білім сапасын қорытындылау, мониторинг нәтижелерін салыстыру.
4. I тоқсан қорытындысы бойынша ӘБ жетекшісінің есебін талдау.
5. Қабілеті жоғары оқушылармен және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ӘБ жетекшісі сөз сөйледі. I тоқсан қорытындысы бойынша бастауыш сыныптардағы білім сапасы, үлгерім көрсеткіштері және мониторинг нәтижелері талданды. Сыныптар арасындағы салыстырмалы талдау жасалып, білім сапасын арттыру бағыттары айқындалды. «Білім беру саласындағы жасанды интеллект» тақырыбында баяндама тыңдалып, заманауи технологияларды сабақ үдерісіне енгізудің тиімді жолдары қарастырылды. Үлгерімі төмен және қабілеті жоғары оқушылармен жеке жұмыс жоспарын жетілдіру қажеттілігі атап өтілді.

### ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. I тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Білім сапасын арттыру мақсатында қосымша жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрылсын.
4. Қабілеті жоғары оқушыларды олимпиада, байқауларға қатыстыру күшейтілсін.
5. Жасанды интеллект элементтерін сабақта тиімді пайдалану ұсынылсын.

ӘБ жетекшісі: Жамбыл А.С

Хатшы: Бекова Қ.Ж

## **ХАТТАМА №3**

Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің отырысы

Өткізілген күні: 6 қаңтар

Қатысқандар: Бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп психологы

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. II тоқсанның қорытындысымен танысу.
2. 1-сынып оқушыларының бейімделуі, психологиялық зерттеу жұмысының нәтижесі.
3. Бастауыш сыныптар бойынша II тоқсан және I жартыжылдық пәндер бойынша қорытындылар.
4. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілінен жұмыс дәптерлерінің тексерілуі (сырт келбеті, толтырылуы, тексеру сапасы, үй жұмысының көлемі).
5. I жартыжылдық бойынша бақылау жұмыстарын алу, нәтижелерін талдау.

### **ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ӘБ жетекшісі және мектеп психологы баяндама жасады. II тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері талданып, сыныптар арасындағы салыстырмалы мониторинг жүргізілді. 1-сынып оқушыларының бейімделу деңгейі, психологиялық зерттеу нәтижелері қарастырылды. Пәндер бойынша I жартыжылдық қорытындылар сараланып, білім сапасын арттыру бағыттары айқындалды. Қазақ тілі пәні бойынша жұмыс дәптерлерінің жүргізілу сапасы, тексерілуі және үй жұмысының көлемі талданды. Бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша кемшіліктер мен жетістіктер анықталды.

### **ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. II тоқсан және I жартыжылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Білім сапасын арттыру мақсатында түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. 1-сынып оқушыларының бейімделуін бақылау жалғастырылсын.
4. Дәптер тексеру сапасы күшейтілсін, бірыңғай талап сақталсын.

5. Бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша қосымша дайындық жұмыстары жүргізілсін.

ӘБ жетекшісі: Жамбыл А. С

Хатшы: Бекова Қ. Ж

Хаттама №4

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің отырысы

Өткізілген күні: 19.03.2026

Қатысқандар саны: 15

Қатысқандар: 1

**Күн тәртібі:**

1. 3-тоқсан қорытындысын талдау
2. ББЖМ нәтижелерін талдау

**1-мәселе: 3-тоқсан қорытындысын талдау**

**Тыңдалды:**

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Жамбыл Айдана Сұлтанқызы 3-тоқсан бойынша бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына талдау жасады.

**Талқыланды:**

Оқушылардың оқу үлгерімін арттыру жолдары ұсынылды.

**Қаулы:**

- Қосымша сабақтар ұйымдастырылсын
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін

**2-мәселе: ББЖМ нәтижелерін талдау**

**Тыңдалды:**

4 сынып мұғалімдері ББЖМ нәтижелері туралы баяндама жасады.

**Талқыланды:**

Нәтижелердегі кемшіліктер қарастырылды.

**Қаулы:**

- ББЖМ тапсырмаларына ұқсас жұмыстар жүргізілсін
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығы дамытылсын

Бірлестік жетекшісі: Жамбыл А.С

Хатшы: Бекова Қ.Ж

